№40 «С.Мұқанов» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)

«С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына сәйкес оқу- тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМЫҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҰДТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕЙ ОТЫРЫП, КӨШБАСШЫЛЫҚҚА БАУЛУ»

Тәрбие жұмысының мақсаты: Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыратын,мемлекеттік рәміздерді құрметтейтін,халық дәстүрлерін құрметтейтін, ,«Рухани жаңғыру» бағдарламасын шеңберінде рух жігері шыңдалған, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын

ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының шеңберінде балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнын жаңартудың әлеуметтік маңызын өзектендіру: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму, сананың ашықтығы аясында;

2) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі индикаторлары шеңберінде білім беру мен тәрбиелеуді дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану,интернационалдандыру,кіріктіру, ізгілендіру, компьютерлендіру, сандық жүйеге көшу, смарт және стем білім беру), тәрбие беру саласындағы педагогикалық ғылымның жаңашыл жетістіктерін, тәрбие берудің шетелдік және отандық қазіргі кездегі тұжырымдамаларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұнын, тәрбиенің әдіснамалық негіздері мен қағидаттарын, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, алдыңғы қатарлы тәжірибесін есепке ала отырып тәрбиенің жаңартылған мазмұнының мақсаты мен міндеттерін анықтау;

3) білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін тиімді енгізудің шарттарын ашып көрсету;

4) заманауи басым жалпыадамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету;

5) балалар мен жастарды тәрбиелеу мазмұнында заманауи реалиялармен, сондай-ақ іс-қимыл компонентін, шынайы әлеуметтік маңызды нәтижелерге негізделген балалар мен жастардың әлеуметтік бастамаларын кіріктіру жүйесін күшейту.

6) Сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы сапасының деңгейін көтеруде сынып жетекшісінің жауапкершілігін арттыру.

7) Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне оқушылардың ата-аналарын тарту шараларың ұйымдастыру.

8) Оқушылардың танымдылық әрекеттерін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.

9) Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

1. Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;

2. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;

3. Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;

4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;

5. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;

6. Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;

7. Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;

8. Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

9. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты − Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

• Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;

4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;

7)«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

8) "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

11) Білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бағдарламасы. Бағдарлама. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021.

12) оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа байланысыты тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері.

Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейінді Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен жалпыадамзаттық және

ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының негізгі бағыттар аясында жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басым бағыттары

Бірінші бағыт – Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру**.**

Екінші бағыт – Рухани-танымдық тәрбие.

Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.

Төртінші бағыт – Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

Алтыншы бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.

Жетінші бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының көрсетілген мерейтойлық күнтізбелік бойынша аталып өтілетін мерейтойлық даталар мен мерейтойлар ескеріліп жоспарларға енді.

2020-2021 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру карантиндік және шектеу іс-шаралары жағдайында балалардың қатысуымен мәдени - бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар онлайн және аралас форматта ұйымдастырылды.

Сыныпатан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде 2020-2021 оқу жылында аталып өткізілетін мерейтойлық даталы күндер:

- А.Құнанбайұлы – 175 жыл;
- Ә.Қастеевке – 115 жыл;
- Қ.Аманжолов – 110 жыл;

Оқу жылы барысында онлайн іс-шаралар келесі әлеуметті жобалар бағытында ұйымдастырылып өткізілді:

- «Туған елге тағзым»,
- «Тарих тағылымы»
- «Ұлы дала мұрагерлері».

Төтенше жағдай шектеу шаралары кезінде тәрбие жұмысын ON-LINE – форматта келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылды.

1- бағыт. Онлайн – көрмелер;
2- контент. Виртуальды экскурсиялар:
3- контент. Салауатты өмір салты (СӨС) бойынша онлайн-ағарту: 4-контент. «VISION» өзін-өзі басқару онлайн аумағы:

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

✔ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл;
✔ Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына – 180 жыл;
✔ Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – 175 жыл;
✔ Қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – 160 жыл;
✔ Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – 155 жыл;
✔ Ұлт ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл;
✔ Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл;

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы. Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда :

1. «Оқуға құштар мектеп»;
2. «Отбасы – орта мектеп»;
3. «Дәстүр мен ғұрып»;
4. «Еңбек – елдің мұраты»;
5. «Үнем – қоғам қуаты»;
6. «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»

7. «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
8. «Мектеп өмірінің бір күні»;
9. «Дебат» қозғалысы;
10. Оқушылардың «Өзін-өзі басқару-"Мектеп Парламенті" мен "Жас Ұлан" » ұйымдары;
11. «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
12. «Театр сабақтары» жобасы.

Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, атаулы даталар жылдық жоспарда көрсетілген:

- ✔ Білім күні;
- ✔ Денсаулық күні;
- ✔ Тілдер мерекесі;
- ✔ Қарттар күні;
- ✔ Ұстаздар мерекесі;
- ✔ 1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ/АИТВ-ге қарсы күрес күні
- ✔ 1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні;
- ✔ 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні;
- ✔ 15 ақпан-Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен қайтарылған күні;
- ✔ 1 наурыз-Алғыс айту күні
- ✔ 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні;
- ✔ 22 наурыз-Наурыз мерекесі;
- ✔ 7 сәуір-Дүниежүзілік Денсаулық күні;
- ✔ 7 мамыр-ҚР Қарулы күштер күні;
- ✔ 9 мамырЖеңіс күні;
- ✔ 25 мамыр-Соңғы қоңырау

«С. Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебі» ұжымы тәрбие жұмысы бойынштөменгі мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс атаруда, бірлескен іс-шаралар өткізілуде:

-"Жастар ресурс орталығы";
-"Спорттық мектептер";
-" Кітапханалар",
-"Мұражай" мен"Музейлер"
-"СӨС қалыптастыру орталығы";
-"Наркологиялық орталығы";

Тәрбие жұмысының 8 тәрбие бағыты бойынша : 2020-2021, 2021-2022 және ағымдағы оқу жылдары төменгі жұмыс түрлері арқылы іске асырылды:

- Сынып сағаттар;
- Кездесулер
- Дөңгелек үстелдер;
- Акциялар;
- Байқаулар;
- Форумдар;
- Челлендждер;
- Сайыстар;

- Эссе жазу;
- Әскери-патриоттық сайыстар
- Дебат ойындар
- Мұражайларға саяхат жасау т.б.

2020-2021, 2021-2022 және ағымдағы оқу жылдары тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және директор жанындағы кеңестерде төменгі мәселелер қарастырылды:

1. ҚР «Тіл туралы» Заңының орындалуы;
2. Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстарының жағдайы;
3. С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебінде құқбұзушылықтардың алдын алу кеңесінің құрамын бекіту туралы;
4. Жалпы құқықтық білім беру;
5. С. Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебінде мектеп жанындағы сауықтыру алаңының жұмысы;
6. «Наурыз – жыл басы» мерекесін өткізу туралы;
7. Оқушылардың сабаққа қатысу;
8. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларының жүргізілуі;
9. Оқу – тәрбие үрдісіндегі сынып жетекшінің міндеттері туралы;
10. Мектеп бойынша кезекшілік ұйымдастыру туралы;
11. «1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру және өткізу туралы»;
12. Оқу жылының аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу туралы;
13. Мектептегі салауаттылық және дене тәрбиесі бағытының жұмыс барысы. Дене шынықтыру пәнінің берілуі.
14. Аз қамтылған жанұядан шыққан балаларға көмек беру туралы;
15. Тәрбие, сынып сағаттарының өтілу сапасын тексеру қорытындысы.
16. ҚР «Бала құқығын қорғау» Заңының орындалуы;
17. «Қиын» балалармен жұмыс;
18. «Жасыл шырша» мерекесіне дайындық жұмыстарының жүргізілу және оқушылардың қықы демалысына әзірлік;
19. Мектептегі үйірме жұмысы барысы;

С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебінде желтоқсан айының 7-сі күні «Рухы биік әкелер – ұлт болашағын мәпелер» атты облыстық іс-шара өткізілді. Іс-шараға арнайы Түркістан облысы бойынша ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары және Түркістан облысы бойынша әкелер мектебінің төрағасы Әбдішүкір Сапарбеков,Мақтаарал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейітбек Оңғаров, Мақтаарал аудандық әкелер мектебінің төрағасы Шадияр Байтенов ,Мырзакент кенті бойынша әкелер мектебінің төрағасы Әділ Қарамырзаев,Мақтаарал аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Естөре Бектұрсынов, Жамбыл ауыл әкімшілігі ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтөреев Үкаш,мектептің әкелер мектебінің төрағасыҮсіпбеков Мырзабай қатысты.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.

Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру**.**

Патриоттық тәрбие бойынша дәстүрлі іс-шаралар жыл сайын өткізіледі:

Білім күніне орай Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқаулық және Білім және ғылым министрлігінің арнайы хатының негізінде патриоттық тақырыпта жыл сайын салтанатты жиын және тәрбие сағаттар өткізіледі;

2020-2021 оқу жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы, Әбу Насыр әл-Фарабидың 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мерекелік даталары тақырыптарымен алғашқы қоңырау қашықтықтан және офлайн өткізілді.

2021-2022 о.ж.» «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылып және «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақтар өткізілді.

2022-2023 о.ж. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын ұйымдастырылып, тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектебімізде **«Адал Ұрпақ»** еріктілер клубы құрылған "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубы құрылды, мектепішілік ережесі бекітілді мектепішілік жоспар жасалынды.

Мақсаты: Рухани адамгершілік және азаматтық патриоттыққа тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту. Оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыру.

2020-2021,2021-2022 оқу жылдарында "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубы төмендегі бағытта секциялар арқылы жұмыс жүргізілуі қамтамасыз етіледі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық;
3. Мәдени-бұқаралық, көпшілік іс-шаралар

Патриоттық тәрбие бойынша атқарылған іс-шаралар:

1. “Мемлекеттік рәміздер-еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар” тәрбие сағаттары
2. «Тәуелсіз Қазақстан» тәуелсіздік күніне орай апталық іс-шаралар
3. «Мәңгілік ел» тақырыбында
4. Суреттер байқауы 1-4 сынып
5. Қабырға газеттері байқауы 5-8 сынып
6. Эссе жазу 9-11 сынып«Елімнің ертеңі болар ұлдар» атты пікірталас 7-8 сыныптар ұлдары
7. «Ерлік жыры – елдіктің ескерткіші» салтанатты жиын

өткізілді. 10.«Тәуелсіздік қорғаны – Конститутция»

11. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!» тақырыбында салтанатты жиын.
12. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында сурет байқауы

13. «Тәуелсіздік – баға жетпес байлығым» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізу. 15.«Біз елдің ертеңі!» «Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау
17.«Жастарды патриотизмге арнайы тәрбиелеу қажет па?» тақырыбында «Ашық Ой» дебат клубының алаңы.
18.12 әуір – ғарыш күніне орай
19.«Мен ғарышкер боламын» тақырыбында сурет байқауы
20.«Байқоңыр – ғарыш айлағы» тақырыбы аясында тәрбие сағаттары.
21. «7 мамыр –Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай және 9 мамыр - Ұлы Жеңістің 78 жылдығын мерекелеуге арналған тәрбие сағаттары мен «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар» салтанатты жиын.

Құқықтық тәрбие.

Мақсаты*:* Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, құқықтық сауаттылығын арттыру, балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық -зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Жыл сайын жоспарлы түрде оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты артыруға бағытталған іс-шаралар;

1. Құқық бұзуға бейім оқушыларды анықтау, тізімін алу, мектепішілік бақылауға қою.
2. «Көмек үшін шынайы алғысыңды қалай жасау керек», «Сыбайлас жемқорлық неге әкеп соқтырады?» тақырыбында шығарма жаздыру
3. «Заң және Мен» ұлдар тобының мектеп инспекторымен сұхбаты. 7-11 сынып
4. «Адал және сатылмайтын еңбек» сурет байқауы
5. «Мемлекеттік көрсетілетін қызмет» іскерлік ойыны
6. «Сыбайлас жемқорлықтың салдары» бейнеролик көрсету
7. «Жемқордың күні» театрландырылған қойылымдар байқауы.
8. «Жемқорлық құқық бұзушылықтардың картасы» жобалар байқауы.
9. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті» тақырыбында «Ашық Ой» дебат клубының алаңы.
10. «Тәртіп – тәрбие бастауы» ұлдар тобының мектеп инспекторымен сұхбаты.

Құқық бұзушылық бойынша көрсеткіш деңгейі

Оқу жылы бойынша	**Мектептегі оқушылар саны**	**АудандықПБ есепте тұратын оқушылар**	**Мектепішілік есепте тұратын оқушылар**
2020-2021		0	0
2021-2022		0	0
2022-2023	365	0	0

Оқу жылы бойынша	**Орын алған қылмыс саны**	**Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына орналастыруы**	**Мақтаарал ауданы әкімі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және оларды құқықтарын қорғау комиссиясына ұсынылған материал**
2020-2021	0	0	0

2021-2022	0	0	0
2022-2023	0	0	0

Ескерту: отбасылық қыйын жағдайға тап болған 3 оқушы уақытша оңалту орталығында болды.(үйінде өрт болған)

Оқу жылы бойынша	Барлық қаза болған саны	Аяқталға н суицид	Суицидке ұмтылған бала саны	Ерте жүктілік	Зорлық зомбылық
2020-2021	0	0	0	0	0
2021-2022	0	0	0	0	0
2022-2023	0	0	0	0	0

2. Рухани-танымдық тәрбие

Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

1. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» тақырыбында бейнероликтер жасау әлеуметтік желілерде тарату.
1.«Қарттарға қамқорлық жасайық!» қарттар күніне арналған акция
2. «Қарттарым асыл қазынам» тәрбие сағаты 1-11 сын.
3. Кітап-білім бұлағы.
4. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға базарлық» акциясы
5. «Театрдың ғажайып әлемі» сахналық көріністер байқауы. Шаңырақтар арасында
6. «Дауысы дәуірмен ұласқан қаламгер» тақырыбында Ғ.Мұстафиннің 120 жылдығына орай әдеби кеш.
7. «Мақтан тұтар Ұлы тұлға» Д.Қонаевтың 110 жылдығына орай шығармашылық кеш
8. «Ауған соғысының жаңғырығы» кездесу кеші 9 сыныптар
9. «Алғыс білдіремін» ашық хаттар жазу.
10. «Ардақтаймыз ананы» салтанаты жиын.
11. «Кітап – ең сабырлы ұстазым» акция өткізу
12. «Туған жерге тағзым» экскурция

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

Ұлттық тәрбие аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып «***Дәстүр мен ғұрып***» жобасы іске асырылуда. Әрбір халық өзінің төл мәдениетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын сақтауы тиіс. Дәстүр жастарды тәрбиелеуде, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодты сақтау қажет. Бұл жағдайда қазақ халқының мәдени мұрасын, салт-дәстүрлерін, сондай-ақ ұлттық тағамдарын т.б. зерделеу – өзекті міндеттердің бірі. Оқушылар мемлекеттік тіл – қазақ

тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік атрибуттары: мемлекеттік рәміздерін білуі тиіс.

Осыған сай жыл сайын ұйымдастырылатын іс-шаралар:

1. «Тіл тағдыры-ел тағдыры» мәнерлеп оқу 5-8 сыныптар
2. «Қазақ тілі-ғажап тіл ғой бір тума» тәрбие сағаты 1-4 сыныптар
3. «Туған тілім-елге мұра, ұрпаққа ұран!» апталық
4. «Қыз сұлу көрінеді білімімен» қыздарға кеңес 7-11 сыныптар
5. «Сен болашақ анасың» тақырыбында Қыздардың арасында жүктіліктің алдын алу мақсатында арнайы мамандармен кездесу ұйымдастыру. 9-11 сынып
6. «Қыз қылығымен көрікті» қыздарға кеңес.5-6 сыныптар
7. «Қыз тәрбиесі халқымыздың шырайы, ұлтымыздың ұяты.» Ауылдық әжелер кеңесімен кездесу.7-11 сыныптар
8. «Қазақ қызы нәзіктік пен сұлулықтың белгісі» пікірталас 5-6 сыныптар
9. «Қыз сыны -2020» байқау 8,9,10, сыныптар
10. «Жыр болып төгілген, ән болып егілген» тақырыбында әдеби кеш 5-10 сыныптар 11.«Адам өмірі - басты құндылық» психологиялық тренинг. 11 сыныптар
12. «Қазақтың Ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы» тақырыбында пікірталас.
13. «Елімнің ертеңі болар ұлдар» атты пікірталас 7-8 сыныптар ұлдары
14. Даланың дара ұстазы Ы.Алтынсаринге 180 жыл» әдеби-сазды кеш.
15. «Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар» тақырыбында «Ашық Ой» дебат клубының алаңы
16. «Салт дәстүрді сақтап жүрміз бе» «Ашық Ой» дебат клубының алаңы.

4. Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және жауапкершіліктерін арттыру.

Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру: отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік. Отбасында, мектепте, қоғамдық ортада құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу – қазіргі уақыттың өзекті мәселесі. Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері мектептердің тәрбие жұмысында, балалардың бос уақытын ұйымдастыру аясында қосымша білім беруде, мәдени-бұқаралық ісшараларда, конкурстар мен сынып сағаттарында, ата-аналар жиналыстарында, үйірме жұмыстарында, сондай-ақ еңбек тәрбиесінде, бірлесіп еңбек етуде көрініс табуы тиіс. Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізілуде: «Кәсіби мамандарды шақыра отырып баспасөз конференциялары», «Ата-аналар сенбіліктері», «Психологиялық тренинг», «Отбасын таныстыру», «Тәжірибе алмасу» және т.б.өткізілуде. Ашық есік күндерін, тренингтер өткізілді

Әр бір жаңа оқу жылында мектепте ата-аналар жиналысы өткізіліп ата-аналар университеті құрылып отырады. Мектепте оқу-тәрбие жұмыстарының жүргізілуіне «ата-аналар комитеті» және қамқоршылық кеңестері арқылы ата-аналар өз үлестерін қосып, мектепті басқаруға қатыстырылады.

Жалпы мектеп оқушыларының әлеуметтік статусы зерттеледі, картасы жасалынып ата-аналар мен балалардың заңды өкілдерінің білім деңгейі анықталып отырады.

Отбасы тәрбиесі бойынша атқарылған жұмыстар:

1. Жалпы мектептік ата –аналар жиналысы
2. «Отбасы – Бақыт мекені» қашықтықтан өткізілетін апталық
3. Кәмелет жасқа толмаған құқық бұзуға бейім оқушылардың ата-аналарына кеңес
4. Кәмелет жасқа толмаған құқық бұзуға бейім оқушылардың ата-аналарымен кездесу
5. «Ұл бала тәрбиесінде әкенің рөлі» әкелермен кездесу.
6. «Зорлық-зомбылықсыз отбасы» ата-аналар жиналысы
7. Көктемгі дала жұмыстарының басталуына орай балалар мен ата-аналарына бала еңбегін заңсыз пайдаланудың алдын алуға ата-аналармен жиналыс өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
8. «Әке отбасы тірегі» отбасылық эстафеталық сайыс,
9. «Отбасыммен кітап оқимын» отбасылық кітап оқу сайысы;

Ата-аналар жиналыстарының тақырыптары мен қаралған күн тәртібіндегі мәселелер.

№1 жиналыс

1. Мектеп басшысының кіріспе сөзі –
2. Өткен оқу жылының қорытындысы
3. Жаңа оқу жылының тәрбиелік міндеттері
4. «Адамның бақыты-бала тәрбиесінде» баяндама
5. «Ата-аналар комитеті және оның жұмыс мазмұны»
6. Мектеп ата-аналар ұсыныстары мен пікірлері.

№2 жиналыс

1. Оқушылардың смартфондарды қолдану әдебі мен әлеуметтік желілерді пайдалануы. Киберқауіпсіздік және кибербуллинг.
2. Оқушыларды тәрбиелеудегі отбасының ықпалы
3. Мектеп медбикесінің хабарламасы, оқушыларға екпе салу жұмыстар. 4.І-тоқсан үлгерім есебі.
5. Мектеп ата-аналар ұсыныстары мен пікірлері.

№3 жиналыс

1. ІІ тоқсанда жүргізілген тәрбиелік жұмыстар қорытындысы
2. «Бала тәрбиесі-қоғамның болашағы» баяндама
3. Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар туралы
4. «Отбасы және ұлттық тәрбие
5. Мектеп ата-аналар ұсыныстары мен пікірлері.

№3 жиналыс

1.«Бала ертеңгі үмітіміз» баяндама
2.Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
3. ІІ тоқсанда жүргізілген тәрбиелік жұмыстар қорытындысы
4. «Тәрбие мен оқу егіз» тренинг
5. Мектеп ата-аналар ұсыныстары мен пікірлері.

№5жиналыс

1. Мектеп басшысының кіріспе сөзі «2022-Балалар жылы» - Б. Абдураимов

2. Оқу жылының аяқталуы. Қорытынды аттестациялау.- А. Момынова
3. Жазғы мектепті ұйымдастыру – Н. Тагаева
4. Оқушылардың оқу бейінін таңдау мен оқуын жалғастыру бағыттарының байланысы. – С. Еркебаева
5. 1-сыныпқа оқушыларды қабылдау ерекшеліктері – П. Дошманова
6. Оқушы мектеп формасы, жазғы сауықтыру мен оқушы қауіпсіздігі – Н. Тагаева
7. Мектеп ата-аналар комитетін сайлау мен қамқоршылық кеңесі жұмысын ұйымдастыру –Н. Тагаева

2. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында аталған бағытқа сәйкесінше «Саналы азамат» базалық бағыты іске асырылып, болашақ мамандықты таңдау барысында білім берушілерге кәсіби бағдар беру және олардың даралығы мен жеке ресурстарынан хабардар ету; көркем және сәндік өнер арқылы білім алушылардың ішкі шығармашылық әлеуетін және жеке қабілеттерін дамыту; «Қазақстан – алма және қызғалдақтың Отаны» қазақстандық флораны зерттеу; экологиялық проблемаларды жетілдіру, баламалы энергияны пайдалануды танымал ету.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар:

1. «Еңбек түбі береке» жазда жасаған жұмысым. Ұлдармен
2. «Гүл – ғажайып дүние» мен өсірген гүл. Қыздармен
3. «Құстар қайтып барады» құстарға ұя жасау 7-8 сыныптар
4. «Бір күн ата-ана жұмысында»
5. «Менің сүйіп шұғылданатын ісім» тақырыбында құқықбұзуға бейім оқушылармен әңгімелесу.
6. Жаңа жылдық шыршаны безендіруге ойыншықтар жасау
7. Ә.Қастеевке 115 жыл. Жас суретшілер көрмесі
8. Мектепішілік тазалық күнін өткізу.
9. Үзік гүлдендірілген сынып байқауы.
10. «Жастар тазалықты қолдаймыз» флешмов.
11. «Менің таңдаған мамандығым» дөңгелек үстел 9-10 сынып оқушылары арасында.
12. «Аяз салған өрнектер» сурет көрмесі.
13. «Ұрлық түбі қорлық» ұлдар тобының мектеп инспекторымен кездесуі. 14.«Адал және сатылмайтын еңбек» сурет байқауы
15. «Бір тал кессең, он тал ек» тақырыбында ағаш отырғызу.
16. «Табиғат адамзатқа аманат.» экологиялық апталық өткізу.

3. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде аталған бағытқа сәйкес «Қазіргі кездегі қазақ мәдениеті» атты арнайы жобасында қарастыру.

Қамтамасыз ету жолдары: ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, тілді, және музыканы, әдебиетті сақтау және тарату; қоғамдық сананы жаңғыртуға және өз қызметінде соған бағыттауға негізделген әлеуметтік -гуманитарлық құндылықтарды меңгеру және түсіну.

1. Мектепішілік үйірмелердің жұмысын ұйымдастыру, оқушыларды тарту.
2. «Сәлем саған , Алтын күз!» суреттер байқауы 2-4 сыныптар
3. «Ән көңілдің ажары» ән сайысы
4. «Көңілді тапқырлар клубы»
5. «Армысың Жаңа Жыл – 2021»
6. «Сәлем түзелмей,әлем түзелмейді» тәрбие сағаттары
7. «Би құдіреті»
8. «Қазақы салт – дәстүрлер» тетрландырылған қойылым
9. «Қазақ келіндері» ұлттық нақышта жас мамандармен сайыс
10. «Бастауышым – бал бұлағым!» 4 –сыныптар.
11. «Күз аруы-2021ж»
12. «Жайдарман» жастар сайысы.
13. «Армысың Жаңа 2022 жыл»
14. «Би құдіреті»
15. «Наурыз-берекем, Наурыз-мерекем» тақырыбында Қазақы салт – дәстүрлермен тетрландырылған қойылым ұйымдастыру
16. «Бой түзеу-әуелі ой түзеу» тақырбында қыздармен жұмыс.

4. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық санасын жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Қамтамасыз ету жолдары: цифрлық экономика үшін құзыреттіліктер мен дағдыларды дамыту; әлеуметтік белсенділіктің артуы

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және даряндылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру.

Зияткерлік тәрбие білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.

Зияткерлік тәрбие лингвистикалық, музыкалық, логикалық, математикалық, кеңістіктік, дене-кинестетикалық, тұлғааралық, тұлға ішіндегі зияткерлікті дамытуға бағытталуы керек. «***«Ашық Ой»***» оқушылардың ***дебаттық қозғалысы***» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушылардың командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретуге мүмкіндік береді.

Пікірсайыс қозғалысының мақсаты-қоғамда орын алған проблемаларды жария талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

Пікірсайыс қозғалысының міндеттері:

- білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық белсенділігін, жауапкершілігін, шығармашылық және сыни ойлау, даулы жағдайларды дипломатиялық жолмен шешу қабілетін қалыптастыру;
- мәдени-танымдық және ағартушылық қызметтің инновациялық модельдері мен технологияларын пайдалана отырып, еліміздің әрбір өңірінде әрбір білім беру ұйымында, клубтарда пікірсайыс орталықтарын құру.

«***Оқушылар жастардың дебаттық қозғалысы»*** жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» айқындаған.

Ұйымдастырылған іс-шаралар:

1. Мектепішілік «100 КІТАП» жобасы бойынша мектеп оқушылары оқуға тиісті кітаптар тізімін бекіту.
2. «Кел кітап оқиық» кітап оқуды насихаттау 5-6 сыныптар
3. «Мен өз өмірімнің капитаны болам» пікірталас 9-11 сыныптар
4. «Жыр менің жалғыз тарланым» Ф.Оңғарсынованың шығармашылығынан кеш. 8-9 сыныптар
5. Әлем балалар әдебиетінің жауһарлары. 7-8 сыныптар
6. «Өзіңді сүю-өмірді сүю» тәрбие сағаты 8-11 сыныптар
7. «Мен өмірді таңдаймын» тренинг 5-7 сыныптар
8. Кітап патшалығына саяхат 1 сыныптар
9. Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай «Мен едім от жүректі Қасым ағаң» атты поэзия кеші.
10. «Интернет кітапты алмастыра алады ма?» тақырыбында «Ашық Ой» дебат клубының пікірсайысы.
11. «Ұялы телефондардың қолжетімді мүмкіндіктері мен зияны» «Ашық Ой» дебат клубының пікірсайысы.
12. Ғ.Мүсіреповтің 120 жылдығына орай «Ұлыдан-ұлағат» тақырыбында әдеби кеш.

5. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.***Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру бұл:***

- Біріншіден, жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізудағдысынқалыптастыру;
- Екіншіден, салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.

Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты: тұлғаның психологиялық, дене – қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымдарды, салауатты өмір салтының уәждамаларын, жеке бас тазалығын жете түсіндіру;

1. ***Тән денсаулығы*** — бұл адам мүшелері мен организм жүйесінің ағымдағы күйі. Мұның негізі онтогенездік дамудың әр түрлі кезеңдерінде басымдық көрсететін, базалық қажеттіліктерге негізделген жеке дамудың биологиялық бағдарламасынан құралады.
2. ***Дене денсаулығы*** — организм мен мүшелерінің өсуі мен дамуының деңгейі. Мұның негізі бейімделу реакцияларын қамтамасыз ететін морфологиялық және функциялық сақтамалардан құралады.
3. ***Жан денсаулығы*** — адамнаң психикалық өріс күйі.

Мұның негізі мінез-құлыққа бара-бар реакцияны қамтамасыз ететін жалпы рухани қолайлы күйден құралады.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады. Мектепте бұқаралық спорт түрлері (футбол, волейбол, баскетбол,) бойынша мектептік спорт лигалар желісі мен спорт секцияларын кеңейтылды. Мектептебімізде төменгі спорттық секциялар жұмыс атқаруда:

1. Волейбол 9-11сыныптар (ұл-қыз) – Мырзалиев Қ
2. Футбол – Таймырзаев Д
3. Баскетбол(ұл-қыз) – Тагаев Ү
4. Тоғызқұмалақ – Мырзалиев Қ
5. Үстел теннисі – Мырзалиев С
6. Ұлттық ойындар – Таймырзаев Д
7. Шахмат –Тагаев Ү
8. Дойбы – Мырзалиев С

Дене тәрбиесі міндеттерінің бірі – білім алушыларды республикалық көпдеңгейлі балалар-жасөспірімдер турнирлері мен жарыстарына, халықаралық жарыстарға қатысуға белсенділіктері мен мүмкіндіктерін арттыру.

Жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, АИТ/ЖИТС-тің алдын алу және салауатты өмір салтының негіздері бойынша семинар-тренингтер өткізу тәрбие жұмысының ажырамас бөлігі.

2020-2021, 2021-2023, 2023 оқу жылдырында дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағыты бойынша өткізілген іс-шаралар;

«Бақытың да, байлығың да – Денсаулық» ұранымен гигиена негіздері мен қашықтықтан оқу барысында денсаулықты күту тақырыбында тәрбие сағатын өткізу

1. «Есірткісіз болашақ» тақырыбында ұлдармен кеңес беру. 8-9 сыныптар
2. «ЖИТС – ғасыр дерті» арнайы мамандармен кездесу
3. «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында іс-шаралар;

- 1-4 сынып диктант алу
- 5-8 сынып дәрігерлермен кездесу өткізу
- 9-11сынып әңгіме жүргізу

4. Оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру

5. Спорттық жарыстар (волейбол, баскетбол, футбол)
6. Ұлдармен спорттық сайыс өткізу. 7-9 сыныптар
7. Ұлттық ойындар сайысы.
8. Оқушылардың көктемгі демалысын ұйымдастыру
9. Спорттық жарыстар (волейбол, баскетбол, футбол)
10. 7 сәуір – Бүкіләлемдік денсаулық күні. Көңілді жарыстар
11. Президенттік тестің орындалуы
12. «Есірткісіз болашақ» медбикемен кездесу 8-9 сынып ұлдары.
13. Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында арнайы мамандармен кездесу.
14. «Спорат денсаулық кепілі» тақырыбында денсаулық акциясын өткізу 15.«Есірткісіз болашақ» тақырыбында көңілді старт ойындары
16. «ЖИТС – XXI ғасыр індеті» 1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-қа қарсы күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру
17. Алкоголизм мен есіркіден қорғану жолдары. Челлендж ұйымдастыру 18.«Тұмау – вирустық ауру» қорғану шаралары бойынша ескерту
19. Жазғы демалыста денсаулықты қорғау және жақсы демалыс өткізу бойынша түсіндірме жүргізу.

«Мектеп парламеті» Өзін өзі басқару «Шаңырақ» ұйымы

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде мектепте өзін-өзі басқару "Мектеп Парламенті" Өзін -өзі басқару «Шаңырақ» ұйымы құрылды.

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Мектеп парламент» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы жастар жылын өткізу жөніндегі жол картасы негізінде әзірленді.

Парламенттің мақсаты: Біріңғай топтар құру арқылы оқушыларды ауызбіршілікке, біртұтастыққа бейімдеу. Жоғары сынып пен төменгі сынып оқушылары арасында бауырмалдық, қамқорлық қарыс-қатынас қалыптастыру, оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту. « Үш тұғырлы тіл» саясатын дамыту.

Парламенттің міндеттері:

Мектеп құндылықтарын жүзеге асыру, кішілерге үлке топтардың басшылық етуі арқылы жоғары сынып оқушыларының бойында көшбасшылық қасиетін дамыту.Оқушыларды салауатты бәсекелестікке баулу,бірлескен, бірікке, ұйымшыл командалар құру.Бірігіпбос уақыт тиімді өткізуді ұйымдастыру.

- Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

Күтілетін нәтижелер:

- адал, мейірімді және белсенді тұлғалардың тәрбиелі жас ұрпағы;

- қоғамдық (балалар мен жастар) сананы трансформациялау мен жаңғыртуда оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқару органдарының мәртебесі мен рөлін арттыру;

-білім алушыларды қызығушылықтары бойынша жобалық қызметке тарту;

-барлық деңгейлердегі бюджеттерден тұрақты және жүйелі қаржыландыру.

2020-2021, 2021-2022 оқу жылындаа мектепте "Мектеп Парламенті" құрылды, арнайы бұйрық шығарылды, жауапты педагог қызметкрлер бектіліді, жоспар жасалынды. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылының Президенті-10«ә» сынып оқушысы Тастемір Дамира , Білім министрі -10 «а» сынып оқушысы –Махмут Ақжарқын сайланды, Қаржы және адалдық министрі -10а сынып оқушысы Мұхаметқали Әбілқайыр, Спорт министрі 10 «ә» сынып оқушысы Құрманбек Бекзат ,Экология және тазалық министрі 9 «ә» сынып оқушысы Таңат Камшат, Мәдениет министрі 9 «а» сынып оқушысы Базарбай Оралай, Ақпарат және баспасөз министрі 10 «а» сынып оқушысы Айтан Ақбикеш болып бекітілді. Соғы екі жылда көптеген іс-шаралар мен акциялар өткізілді.

Сондай-ақ 2022-2023 оқу жылында мектепте "Мектеп Парламенті" Өзін өзі басқару « Шаңырақ» ұйымы құрылды, арнайы бұйрық шығарылды, жауапты педагог қызметкрлер бектіліді, жоспар жасалынды. Биылғы оқу жылының Президенті-11 «А» сынып оқушысы Бейсен Аружан ,Білім министрі -10 «А» сынып оқушысы –Айтуған Лаура сайланды, Премьер-Министр-9 «А» сынып оқушысы Жексен Көркем, Мәдениет министрі- Айтуған Тұмар болып бекітілді. Соғы екі жылда көптеген іс- шаралар мен акциялар өткізілді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1.Құқық және тәртіп фракциясы.

2. Ақпарат және баспасөз фракциясы.

3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.

4. Қаржы және адалдық фракциясы

5. Экология және тазалық фракциясы

6.Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркемшығармашылық).

7. Дебат қозғалысының фракциясы.

8. Білім фракциясы

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің "Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен **Ұстаздар күні мерекесіне орай** Мектеп Парламенті мүшелерінің арасында "Дублер"күні өткізілді.

«Дублер күніне мектебіміздің "Парламент " мүшелері белсенділік танытып, мектеп мұғалімдерінің орнына сабақ беріп, өз қабілеттерін көрсетті. Ережеге сәйкес "Мектеп Парламентінің" 8 фракцияның жұмысын қамтыды.

2. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай, "Жұлдызды 31 күн" тақырыбында өткізіліп жатқан айлықтың аясында өзін-өзі басқару ұйымы " Мектеп Парламентінің" бастамасымен 8а,8ә,9а 9ә,10а сыныптар арасында мектепішілік конференция ұйымдастырылды. Конференция барысында төменгі тақырыптар бойынша оқушылар слайдтар арқылы презентация жасады.

3. Мектепте тәрбие бөлімінің және «Шаңырақ» ұйымының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай "***Жаса мәңгі , Тәуелсіздік Қазақстан!"*** атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.

Мерекелік іс-шараға мектептің зейнеткер- ардагер –ұстаздары , мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

4. Мектепте 16 желтоқсан ҚР-ның Тәуелсіздігінің 31 жылдығына және "Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының 10 жылдығына орай "***Тәуелсіз елім - кең байтақ жерім***" атты Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекетті әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Оқушылардың рухани-адамгершілік, еңбек және дене, көркемдік, эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін жалпы сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (қорытындыларымен қоса есептелген кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі). спорттық, шығармашылық және мәдени байқауларға, конкурстарға, фестивальдер мен шоуларға қатысу.

Мектептің тәрбие жұмысы жүйесінің маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады. Мектептің біртұтас білім беру кеңістігін қалыптастыру, білім сапасын арттыру және әртүрлі дамып келе жатқан ортада мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыру процесін жүзеге асыру мақсатында негізгі білім берудің қосымша құрамдас бөлігі болып табылатын сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастырылады.

2020-2021 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жетістіктері

№	Іс-шаралар	Орын		
		Аудандық	Облыстық	Республикалық
1	«Эко Болашақ»әлеуметтік-экологиялық жобасы	II орын		
2	«Осындай мамандық бар» Бейнероликтер байқауы	IIорын	-	-
3	«Бүгінгі ұрпақ-ертеңгі ел қорғаны»әскери- патриоттық Ән байқауы	III орын	-	-
4	«Адал жол» атты сурет байқауы		-	
5	Волейбол ұлдар	II орын	-	-
6	«Үздік сынып жетекші»	III орын	-	-
«Спорт біздің досымыз» яғни соның ішінде тоғызқұмалақ үйірмесі. Оқушыларға тоғызқұмалақ ойынын үйрету олардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға зор әсерін береді. Тоғызқұмалақ ойнай білетін бала аз уақытта ойын шоғырландырып, туындаған жағдаятты сараптауға дұрыс шешім шығаруға үйреніп, алдына қойған мақсатына жетуге талпынады.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің оқушыларға берері көп. Тоғызқұмалақ ойыны мен математика пәнін байланыстыра жұмыс жүргізсе, балалардың оқу үлгерімінің артуына, оқу материалдарын қабылдауға ықпалы зор.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Ойын әліппесі мен тактикасы толық қамтылған. Үйірме сабақтары баланың жеке қасиеттерін ашуға ықпал етеді.

Тоғызқұмалақ ойыны –балаларға тек қуаныш сыйлайтын ойын ғана емес, ойлауды дамытудың тиімді құралы.Тоғызқұмалақүйретудің алғашқы баспалдақтарын көрсету-балаларды кеңістікке бағдарлай алу қабілетін дамытуға, ойлаудың аналитикалық-синтетикалық жолдарын, ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу қабілетін, іс-әрекетін болжауды дамытуға көмектеседі.Ол оқушылардың аз уақытта ойларын шоғырландыруына, жүйелеуге, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.

Адамның ойлау жүйесін дамыта түсуде математиканың маңызы зор. Ал шахмат ойыны математикамен тығыз байланысты.

Математикалық білімді көтеруде тоғызқұмалақ ойынына үлкен мән беріледі.

Бағдарламаның мақсаты — оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу.
Үйірме сабақтарынан оқушы меңгеруге тиісті қабілеттер:
1. Техникалық -оқушылардың жаттығу ойындарында, мектепішілік, тоғызқұмалақ сайыстарына қатысуда,
-ойын барысында тоғызқұмалақ есептер мен этюдтарды шешу кезінде қалыптасатын іс әрекеттері.
2. Интеллектуалдық - оқушылардың ойынға сараптама жасауымен;
- арнайы әдебиеттерді оқуымен;
-үздік ойыншылардың ойындарын қарап талдауымен қалыптасатын іс әрекеттері. Бағдарлама аптасына 1сағат, барлығы 36 сағатқа берілген.
«Сөз шебері» мәнерлеп оқу үйірмесі .

Мәнерлеп оқу үйірмесі 4 сынып оқушыларына арналған. Үйірме аптасына 1 сағат, жылына 36 сағатқа берілген. Бұл үйірме оқушылардың әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана сезімін дамытуға ықпал жасап, ауызекі және жазба тілде байланыстырып сөйлеуін дамытады. Оқушылардың қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабақтарына қызығушылықтарын арттырады.

Үйірмеге тілге шешен, өз беттерімен шығарма жазуға, өлең шығаруға икемдері бар, шығармадағы көркем бейнелердің ерекшеліктерін сезініп аша білетін оқушылар тартылады.

Үйірменің оқу материалына халық ауыз әдебиеті үлгілерін (аңыз-әңгімелер, өлең-жыр, шешендік сөздер, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер, ертегі т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып, байытып жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді.

Сондықтан сыныптан тыс үйірме сағатында ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей, жеке тұлғаны дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын оятып, адамгершілікке, ізгілікке, сыйластыққа тәрбиелеп, еркін дамуына жол ашу көзделеді.
Үйірменің мақсаты: Қосымша білім беру арқылы білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.
Үйірменің міндеті:
Оқушының шығармашылық қабілетін ашу,оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет. Оқу бағдарламаларын іске асыру, сапалы құрастыру, орындау
- Әр оқушының биімділігін, қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып дамуын қамтамасыз ететін білім жүйесін қамтамасыз ету.
- Қосымша білім беру мекемелерімен байланысты нығайту.
- Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, белгілі бір еңбек түріне баулу, оны дамытуға ықпал ету.
Күтілетін нәтиже:

Оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренеді. Оқуға деген қызығушылықтары артады.
Спорттық үйірмелері .

Мектепте оқушыларды дене мәдениетіне тәрбиелеуде дене шынықтыру сабақтарымен қатар қосымша ақылы үйірмелер, спорт секцияларын жүргізуге ерекше мән берілуде. Ақылы үйірмелер саны 3. Олар:"Волейбол", "Футбол", "Тоғызқұмалақ" .Сыныптан тыс жұмыстар төмендегідей түрлерге бөлінеді: спорт түрлерінен өткізілетін секциялар, көпшілік дене шынықтыру шаралары, спорт түрлерінен өткізілетін жарыстар, дене шынықтыру спорт мерекелері.

Үйірмеде тұлғаны қалыптастыру, оқушының танымдық белсенділігінің дамуына бағытталған. Мазмұны оқушы, қоғам мен жаңұя сұраныстарын ескере, қазіргі педагогикалық ғылым жетістіктерін айқындайды.

Оқыту мақсаты: салауатты өмір салтын ұйымдастыруда ұлттық ойындарды шығармашылық жолмен қолдану.

Оқыту міндеттері:

- денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту;
- дамыту және сауықтыру бағытындағы дене жаттығулары, ұлттық ойындар түрлерінің іс-қимыл әдістері мен техникасы арқылы қимылдық тәжірибені байыту, қимыл- қозғалыс мәдениетін қалыптастыру;
- ұлттық ойындар туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы және салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерді игеру;
- өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қарау, денсаулықты сақтау мен нығайту қажеттілігін қалыптастырып тәрбиелеу;
- тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде ұжымдық әрекеттестік пен ынтымақтастықтың межелерін сақтау.

«Ұлттық ойындар» дене шынықтырудан дарындылығы бар оқушыларға бағытталған. Аптасына 1 сағат, жылына 36 сағат. Қызығушылық танытатын бастауыш сынып оқушыларын қатыстыру жоспарланған.

Күтілетін нәтижелер:

– оқушының ұлттық ойындарды терең түсіну қабілеті дамиды, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білетін болады;

Сабақтарды/үйірме жүргізу түрлері мен әдістерін оқытушы негізгі материалдың дидактикалық мақсаты мен мазмұнына қарай таңдап үйлестіріп отырады.

Көркем еңбек пәнінен "Шебер қолдар" үйірмесі бар.

Мақсаты: Қазіргі заманда бір ғана мамандықты игеріп қоймай тіршілік ыңғайына орай бірнеше мамандықты қоса игеру –өмір талабына айналуда.

Сондықтан үнемділік пен ұқыптылық ,пайда,табыс, оны жүзеге асыру жөнінде білім беруді және еңбек сүйгіштікті мейрімді адам болуға тәрбиелеуді мақсат еттім. Ұлттық өнерге тән ерекшеліктермен ,айналадағы ортамен ,өмірі мен ,еңбекпен тығыз байланыстыру.Өнердің барлық түрлері мен танысу арқылы өзіне тән бейнелі түрлі тәсілдермен ,әсемдік әлемін ашады және бала сезіміне әсер етеді.

Міндеті:

Оқушыларда нарықтық ,экономикалық ,экологиялық білімдерді бойына сіңіру үшін жалпы еңбек іскерліктері мен дағдыларын дамыту

Оқушыларға бағыт-бағдар бере отырып,өз бетімен жұмыс істеу ой өрісін дамыту.

Көп тараған және болашақтың технологиясы жайында политехникалық білімді қалыптастыру

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ойлау әрекетін арттыру Оқушылардың өздері жасаған бұйымдарын жаңа дизайын талаптарына сай әсемдей білуге үйрету

Жұмыс нәтижесін көрсету барысында көрме ұйымдастыру

Күтілетін нәтиже:Үйірмеде оқушылар қол өнер бұйымдарымен танысады.Жасалу технологиясын меңгереді Өмірге деген көз қарастары өзгереді өсіп келе жатқан жас ұрпақтың дүние танымын қалыптастыру негізінде эстетикалық және көркемдік тәрбие беру. Эстетикалық тәрбиенің мәні әрбір адамның әсем өмір сүруіне , әсемдікті жан-жақты қырынан көре білуге эстетикалық тәрбие беру процесінде адамдардың сезімі, талғамы,көзқарасы,идеясы қалыптасады. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру олардың көркемдік білімге дейін көтеру мәселесі бүгінгі таңда айрықша мәнге ие.
Оқушыларға эстетикалық тәрбие бере отырып,оқушылардың өнерге деген қызығушылықтарын арттыру.

А.Шуканов атындағы «Жас шекарашылар» әскери патриоттық- клубы. Мақсаты мен міндеті - *Оқушылардың АӘТД пәніне деген қызығушылығын арттыру, Отанға деген махаббатын ояту, еліміздің патриоты болуға үндеу.*

Химия пәнінен **“Жас химик”** үйірмесі.

Мақсаты

химиялық реакция теңдеулер жазғызып, тәжірибе жасату.
тәрбиеленушілердің пәнге деген қызығушылықтарын арттыру. өз бетінше жұмыс жасауға, жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.
алған білімдерін өмірмен байланыстыруға үйрету.

Міндеті:

оқушылардың ғылыми көзқарасын дамыту;
оқушылардың ой қабілетін дамыту;
заттар туралы білімдерін тереңдетіп, кеңейту және пысықтау;
Қазақстанның химия өнеркәсібі және шикізат базасы туралы ұғымды қалыптастыру;
жаңа білім алу және оларды іс жүзінде қолдану мұқтаждығын қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:
Оқушыларға химиялық дүниетанымды қалыптастыру;
заттар мен химиялық реакциялар туралы негізгі біліммен таныстыру;
аттарды тұрмыста,өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында қолдана білу;
білімді адамға қажетті химиялық түсінктерді меңгеретін бағдар беру;

География пәнінен **“Жас эколог”** үйірмесі.Табиғат ресурстарын пайдалану барысында оның тиімді жолдарын іздеу, қайта түлету,бүліну,ластану жолдарынан сақтау және қорғауды жүзеге асыру. Табиғат қорғауға ғылыми тұрғыда бағытталған халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық аумақтағы іс шаралар жатады.

Мақсаты:

Оқушылардың табиғатты қорғауға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
Экология туралы туралы түсінік қалыптастыру.
Қоршаған ортасының ауасын таза ұстауға үйрету.
Өсімдіктер мен жануарларды қалай қорғау керектігін түсіндір.
Адам экологиясы мен жануарлар, өсімдіктер экологиясының айырмашылығын меңгерту.

Үйірменің алдына келесідей міндеттер қойылады:
Табиғатты қорғауға деген қызығушылықтарын одан әрі арттыру.
Табиғатты қорғауды практика жүзінде қорғау.
Құрлықтағы тіршілік пен судағы тіршіліктің айырмашылығын үйрету.
Қызыл кітаптың рөлін білу.
Адам іс-әрекетінің экологияға қандай әсері бар екендігін зерттеу.
Ағылшын пәнінен **“Fairy tales**” үйірмесі.
Бұл бағдарламаның мақсаты – оқушылардың тілді меңгерудің жалпы еуропалық А1, А2 қалыптасу алдындағы деңгейге сәйкес мәдениетаралық коммуникативтік біліктерін қалыптастыру мен дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту.
Қазіргі кезде Республикамыздың басқа шет елдермен қарым-қатынастары артып отырғандықтан, елімізге шет тілінде еркін сөйлей және түсіне алатын жастар қажет. Олар мектепті бітіргеннен кейін өз білімдерін одан әрі дамыту үшін түрлі салаларда қолдана алады.
Шет тілі сабақтарының ең басты мақсаты-оқушыларға тек қана сол елдің тілін ғана емес, онымен қоса шетел тыныс- тіршілігінен хабардар болып, мағлұматтар алып, жеке бас тәжірибесін жетілдіре түсуге көмектеседі. Шетел тілін үйрену арқылы оқушылар білім деңгейін көтеріп, өз халқы мен басқа халықтар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ажыратуға дағдыланады, өз пікірлері қалыптасады, сол елдердің мәдениетімен танысады.
Мақсаты:
Оқушылардың ағылшын тіліне сүйіспеншіліктерін арттыру;
Ағылшын тілін қазақ тілімен салыстыру;
Ағылшын тілінде өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар және мақал-мәтелдер арқылы оқушылардың шетел халықтарының өмірімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру;
Ағылшын халықтарының тұрмыс-тіршілігімен, олардың көрнекті өкілдерінің өмірімен, алынған деректерімен, бұл халықтың көрнекті жерлерімен танысу;
Оқушыларды қарапайым, қысқа нұсқаулар сияқты материалдар оқи алу және аудара алу біліктерімен қаруландыру.
Үйірменің алдына келесідей міндеттер қойылады:
Ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын одан әрі арттыру.
Коммуникативтік біліктіліктерді сөз әрекетінің төрт түрінде – тыңдалым, сөйлеу, оқу, жазу – шет тілінде қарым-қатынаста жүзеге асыру;
Оқушыларға үйреніп отырған тілі негізінде сол елдің мәдени нормаларын, салт-дәстүрлерін оқып үйрету;
Шеттілді мәдениаралық қарым-қатынас жағдайында өз елін және оның мәдениетін таныстыра білу іскерлігін қалыптастыру;
Алынған жалпы оқыту іскерліктерін, дағдылар және біліктерін оқу-танымдық құзыреттіліктерді дамытуға ықпалдасатын оқу және іс-тәжірибелік міндеттерді шешу мақсатында қолдану;
Ұлттық өзіндік сана сезімді, әртүрлі қауымдастық адамдарының арасындағы өзара түсіністікке ұмтылысты және өзге мәдениет белгілеріне толеранттық қарым-қатынасты дамыту.
Математика пәнінен **“Қызықты математика”** үйірмесі.

Үйірме жұмысының мақсаты: оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығын арттыру,олардың шығармашылық қабілетін дамыту.
Үйірме жұмысының міндеттері:
Математикалық білімге қызығушылығын арттыру
Ой-өрісін кеңейту
Өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамыту;
Күтілетін нәтиже:
Оқушылар есептерге талдау жасай білу, шығару жоспарын құра білу, қорытынды жасай білуге үйрену керек.
Байқағыштыққа,тапқырлыққа берілген есептерді шеше білу.
Логикалық есептерді шеше білу.
Өз бетімен және ұжымда жұмыс істей білу.
Математикалық ой-өрісін кеңейту.
Математикалық білімін толықтыру.
Қосымша әдебиеттермен жұмыс істей білу.
«Жас физик» үйірмесі.
Білім беру мен тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстың маңызы зор. Ол оқушылардың белсенділігін, дербестігін, әр түрлі есептердің шешімдерін шығармашылықпен жете білу дағдыларын және олардың бойында ұжымдық пен жолдастық сезімдерін тәрбиелеуге септігін тигізеді

Физикадан жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстардың сан түрлі формалары қалыптасқан. Үйірме солардың ішіндегі ең негізгі формасы болып табылады.Жүйелі үздіксіз жүргізілетін физика үйірмесі оқушылардың қабілеттерін дамытып, олардың физика мен техниканың белгілі бір саласына тиянақты қызығушылықтарын қалыптастырады.

Үйірме сабақтары оқулықтағы материалдарды қайталамайтын, сонымен қатар, бірден қиындық келтірмейтін, біртіндеп күрделене беретіндей болуы керек.

Үйірме мүшесі алған тапсырманының қайсысы болса да оның шамасына сай бірсарынды емес, жалықтырмайтындай, ой-өрісін дамытуға септігін тигізетіндей, сондай-ақ жеткілікті дәрежеде күрделі де болуын басшылыққа алдым.

Үйірме оқушылардың физика сабақтарында алған білімдерін практикада қолдануға оларда патриоттық сенімдерді қалыптастыруға септігін тигізеді.
«Абайтану» үйірмесі.
Мақсатты:
Абай шырмашылығы туралы білімдерін, кеңейту, ізденушілікке баулу, даналық сөздердің мәтінін түсінуге, Абай мұрасына қызығушылықтарын арттыру.
Міндеттері:
Өз ойын жүйелі жеткізуге, сауатты сөйлеуге дағдыландыру.Өлең, қара сөздерін мәнерлеп оқуға, жатқа айтқызып үйрету. Абайдың ұлылығын, оның поэзиясын тереңдігін сезіндіру. Реферат жұмыстарын зертеуіне бағыт беру.Қазақ елін, жерін

Абайша сүйіп, Абайша толғануға тәрбиелеу Аудандық «Абай оқулары» сайысына дайындау.

.

«Литератур» үйірмесі Оқушылардың оқу тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап әрі қарай қабілетерін шыңдау.Оқушылардың қоғамдық белсендігін дамыту.

Мақсаты:Оқушыларды сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін,өзіндік қабілетерін жане қарым қатынасын қалыптастырып өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.

«Шежіре» үйірмесі.

Мақсаты:

Оқушылардың сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру.

Міндеті:

- Оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап, қабілеттерін шыңдау;
- Көркем әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма жазуға дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың қоғамдық белсенділігін дамыту;
- Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыру, белгілі бір еңбек түріне баулу, оны дамытуға ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар ертегі, әңгіме, өлең тыңдауға, шығарманың мағынасын түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға ниеттенеді. Өлеңдерді нақышына келтіріп, жатқа, мәнерлеп оқуға үйренеді. Оқуға деген қызығушылықтары артады.

«Домбыра дастан» үйірмесі.

Мақсаты: Оқушыларды халық музыкасын, мәдениеті мен өнерін түсініп,бойына сіңіре білуге дағдыландыру.

Коррекциялық: Оқушылардың таным қызметін түзету, ой-өрісін жетілдіру, эмоциялық-ерік саласын түзету;

Дамыту:Ырғақты сезіну, биік дыбысталуды есту, музыканы еске сақтау қабілетін дамыту;

Тәрбиелік Оқушы бойына музыкалық тәрбие қалыптастырумен қатар адам өміріндегі музыканың әсерін оқушы бойына музыка тілімен жеткізу;

«Спорт біздің досымыз» яғни соның ішінде тоғызқұмалақ үйірмесі. Оқушыларға тоғызқұмалақ ойынын үйрету олардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуға зор әсерін береді. Тоғызқұмалақ ойнай білетін бала аз уақытта ойын шоғырландырып, туындаған жағдаятты сараптауға дұрыс шешім шығаруға үйреніп, алдына қойған мақсатына жетуге талпынады.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің оқушыларға берері көп. Тоғызқұмалақ ойыны мен математика пәнін байланыстыра жұмыс жүргізсе, балалардың оқу үлгерімінің артуына, оқу материалдарын қабылдауға ықпалы зор.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Ойын әліппесі мен тактикасы толық қамтылған. Үйірме сабақтары баланың жеке қасиеттерін ашуға ықпал етеді.

Тоғызқұмалақ ойыны –балаларға тек қуаныш сыйлайтын ойын ғана емес, ойлауды дамытудың тиімді құралы.Тоғызқұмалақүйретудің алғашқы баспалдақтарын көрсету-балаларды кеңістікке бағдарлай алу қабілетін дамытуға, ойлаудың аналитикалық-синтетикалық жолдарын, ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу қабілетін, іс-әрекетін болжауды дамытуға көмектеседі.Ол оқушылардың аз уақытта ойларын шоғырландыруына, жүйелеуге, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.
Адамның ойлау жүйесін дамыта түсуде математиканың маңызы зор. Ал шахмат ойыны математикамен тығыз байланысты.

«Волейбол» яғни соның ішінде волейбол үйірмесі. Волейбол ойнай білетін бала аз уақытта ойын шоғырландырып, туындаған жағдаятты сараптауға дұрыс шешім шығаруға үйреніп, алдына қойған мақсатына жетуге талпынады.

«Волейбол» үйірмесінің оқушыларға берері көп. Волейбол ойыны мен математика пәнін байланыстыра жұмыс жүргізсе, балалардың оқу үлгерімінің артуына, оқу материалдарын қабылдауға ықпалы зор.

Мақсаты: «**Волейбол**» үйірмесінің бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Ойын әліппесі мен тактикасы толық қамтылған. Үйірме сабақтары баланың жеке қасиеттерін ашуға ықпал етеді.

Волейбол ойыны –балаларға тек қуаныш сыйлайтын ойын ғана емес, ойлауды дамытудың тиімді құралы. Волейбол үйретудің алғашқы баспалдақтарын көрсету-балаларды кеңістікке бағдарлай алу қабілетін дамытуға, ойлаудың аналитикалық-синтетикалық жолдарын, ой тұжырымдарын жасау, есте сақтау, қорытынды жасай алу қабілетін, іс-әрекетін болжауды дамытуға көмектеседі.Ол оқушылардың аз уақытта ойларын шоғырландыруына, жүйелеуге, туған жағдаятты сараптауға және шешім шығаруға үйретеді және алдына қойған мақсатына жетуге, төзімділікке тәрбиелейді.
Адамның ойлау жүйесін дамыта түсуде математиканың маңызы зор. Ал волейбол ойыны математикамен тығыз байланысты.

Бағдарламаның мақсаты — оқушыларды шығармашылық ізденімпаздыққа баулу, қиялын ояту арқылы ой еңбегіне тәрбиелеу.

Үйірме сабақтарынан оқушы меңгеруге тиісті қабілеттер:

1. Техникалық -оқушылардың жаттығу ойындарында, мектепішілік, аудандық волейбол сайыстарына қатысуда,

-ойын барысында шахматтық есептер мен этюдтарды шешу кезінде қалыптасатын іс әрекеттері.

2. Интеллектуалдық - оқушылардың ойынға сараптама жасауымен;

- арнайы әдебиеттерді оқуымен;

-үздік ойыншылардың ойындарын қарап талдауымен қалыптасатын іс әрекеттері.

Сыныбы	Сағаты	Үйірме атауы	Үйірме жетекшісі
11 –сыныптар	1	Жас физик	Шазинова Д
6-7-8 сыныптар	1	Абайтану	Үсіпбекова А
7-сыныптар	1	Литератур	Керімбекова Б
6-7 сыныптар	1	Fairy tales	Данаева Ж
9-сыныптар	1	Информатика әлемі	Сейлова М
11-сыныптар	1	Жас химик	Бекқұлова Г
7-8 сыныптар	1	Жас биолог	Айнамқұлов Е
5-сынып	1	Жас эколог	Лайсханов Ұ
10-11 сыныптар	1	Шежіре	Бекжан Ә
11-сыныптар	1	Жас шекарашылар	Акбердиев И
3-4-5-7 сыныптар	1	Домбыра дастан	Дүйсенбаева Г
3-4-5-9 сыныптар	1	Қыл қалам шебері	Ахвердиев И
7-8 сыныптар	1	Шебер қолдар	Хожбанова Ж
5-сыныптар	1	Жас математик	Наширова А
2-сыныптар	1	Қызықты математика	Ташқұлова Л
3-4 сыныптар	1	Балдаурен	Ақназарова Э
10-сыныптар	1	Волейбол	Мырзалиев Қ
6-7-8-9- сыныптар	1	Футбол	Таймырзаев Д
7-сыныптар	1	Тоғызқұмалақ	Мырзалиев Қ

2022-2023 оқу жылының үйірме жетістіктері

№	Оқушы аты-жөні	Орны	Атауы	Сыныбы	Пәні	Пән мұғалімі
1	Сапаралы Қ	Үздік ойыншы	«Достыққа бастар жол»	11 сынып	Дене шынықтыру	Мырзалиев Қ
2	Сатыбалды Д	Үздік ойыншы	«Достыққа бастар жол»	11 сынып	Дене шынықтыру	Мырзалиев Қ
3	Есентай Керемет	II-орын	«Қанатты қалам»	7 сынып	Көркем еңбек	Хожбанова Ж
4	Амирбай Қанағат	II-орын	«Bilimger. kz»	6 сынып	Көркем еңбек	Ахвердиев Б

5	Қаржауб ай Райана	III-орын	«Bilimger. kz»»	1 сынып	Көркем еңбек	Үсіпбаева Х

6	Құдайберген Айзере	II-орын	«Bilimger.kz»»	1 сынып	Көркем еңбек	Үсіпбаева Х
7	Ұзақ Дана	I-орын	«Қанатты қалам»	6 сынып	Көркем еңбек	Хожбанова Ж
8	Есентай Керемет	II-орын	«Күмбірлекиелі-домбыра»	7 сынып	Абайтану	Үсіпбекова А
9	Сапаралы Нұрасыл	III-орын	«Теңге тәуелсіз елтаңбасының кепілі»	8 сынып	Абайтану	Үсіпбаева А

«**ЖасҰлан» ұйымы** баланың әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына, оның белсенді азаматтық ұстанымына, адамгершілік және рухани тұрғыда дамуына, ар-ожданының қалыптасуына, саяси және құқықтық мәдениетке баулуға, өзіндік танымымен азаматтық белсенділігін танытуға ерекше ықпал етеді.Ұйым мүшелігіне қосылғаннан кейін қоғам өміріне белсене араласады, өзінің жас ерекшелігіне қарай қоғамдық қозғалыстарға қатысады, өздерін тұлға ретінде танытаалады.

Өзінің қабілет-қарымын таразылап, үлкендер өміріне араласуға мүмкіндік алады.

«ЖасҰлан» ұйымы - жеке тұлғаның әлеуметтендіру факторы. ҚР Президентінің «Нұр -Отан» VXП ның XIII сьездінде Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстандық ұйымының жұмысын жандандыру керек. Еліміздің «Жасұлан» жастар ұйымының кіші тобы «Жас қыран» жұмысын белсенді түрде жүзеге асыру қолға алынсын! » деген сөзі бірден қолдау тапты.

2011 жылы мамырдың 17-күні өткен «Біз Қазақстанның болашағымыз» атты Қалалық көшбасшылар форумы: «Республикалық «Жас ұлан» және «Жас қыран» жастар ұйымына «ИӘ» дейміз!» деді.

Н.Ә. Назарбаевтың «Жеке тұлға болу – жауапкершілік жүктейді. Өмір ағысымен жүзе бермей, белсенді болу.

Жан-жақты дамыған тұлға ғана өмір заңдылығына сай еңбек етеді. Патриот болу - өз Отанын жанындай сүйе білу. Өзіңе сен, халқыңа сен, қоғамға қызмет ет,

- деген сөздері «Жас Ұлан» ұйымының өмірлік қағидасына айналды. 2011 жылдың 16 қыркүйектегі - Алматы қаласы «Жас ұлан» жастар ұйымының құрылған күні. Дәл осы күні «Жалын» СО-нда қала мектептерінің үздік оқушыларына галстук тағу рәсімі өтті. Міне, содан бері «Жас Ұлан» ұймының мүшелікке енуі салтанатты жиыны Қазақстанның бүкіл түкпір-түкпірінде өз жалғасын тауып келеді. Ұйымға қабылдау жылына 3 рет : 1 -мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні, 6-шілде - "Жас ұлан" құрылған күні, 16- желтоқсан - Тәуелсіздік күні. Жүзеге асырушылары: 6-9 жас - Жас қыран, 10-16 жас - Жас ұлан, мектеп басшылығы, ұйым жетекшісі, класс жетекшілер, ата – аналар.

Ұйым жүйесінің заңдылықтарында көптеген өзгерістерге ұшырады. Мәселен,

соңғы ең негізігі деген өзгеріске тоқталып кетсек. 2014 жылы ұйым тәртібі 7 бағыт бойынша жұмыс атқаратын болды:

1. «ОТАН» - елін, жерін, құндылықтарын сүйу. Қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты
2. «ЗЕРДЕ» - зерделі түрде алдына мақсат қоя білу, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты.
3. «РУХАНИЯТ» - жоғары адамгершілік құндылықтар гуманистік көркем истетикалық қасиеттерге тәрбиелеу бағыты.
4. «САЛАУАТ» - бойларын жаман қасиеттерден аулақ ұстайтын, салауатты өмірсалтын ұстаған, спортпен шұғылданатын тәнін түзулікке баулитын саламатты Қазақстан ұрпақтарын тәрбиелеу бағыты.
5. «ЕҢБЕК» - мектеп қабырғасынан белгілі мамандыққа бейімделу, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту бағыты.
6. «ЭКОӘЛЕМ» - қоршаған ортаны аялау, жан-жануарларға қорған болу, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыты.
7. «ЖЕТІ ЖАРҒЫ» - жас азаматтарды өзіндік әлеуметтік тұрғыдан заң білу мәдениетіне, қоғам алдындағы құқығы мен міндетін түсіндіру бағыты.

Міне осы бағыт негізінде жұмыс жасау қолға алынып келеді. Көріп отырғандарыңыздай баланы жан-жақты, барлық қырынан ашуға, баланы өз-өзін тәрбиелеуге және бос уақытын тиімді, пайдалы, игі істерге жұмсауға үйретеді.

– Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. 1 сыныптың үздік оқушылары «Жас Қыран» ұйымына, 5 сынып үздіктері «Жас Ұлан» ұйымына мүше болып қабылданды. Ұйым анты мен әні орындалды. Ұйымның мақсаты мен міндеттерімен оқушыларды таныстырды.

– Мектепішілік үздік оқушыларды Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау 16 желтоқсан Тәуелсіздігіміздің 31 жыл толуына орай «Жарқын күнге жол ашады– Жас Ұлан» атты салтанатты жиыны өткізілді. «Жас Ұлан» ұйымына 5 сыныптың үздік 27 оқушы қабылданды. «Жас Қыран» ұйымына 1сыныптың 31 оқушысы қабылданды.

–Жылдық жоспарға сәйкес «ҚРсының мемлекеттік Рәміздеріне 30 жыл» тақырыбында тәрбие сағатта оқушылар екі топқа бөлінді, бір-бірлерімен ой жарыс жасады. Отан, рәміздер туралы мақалдар айтылып, өлең оқылды. Екі топқа сұрақтар қойылып, жауаптар тыңдалды. Сұрақтар Конституция, рәміздердің белгіленгені, баптарымен бөлімдері сұралды. Қазақстан Республикасы рәміздерінің бейнесі анық сипатталды және әнұран орындалды.Оқушыларға плакат беріп, постермен жұмыс жасалды. Постерде «Қазақстан-2050» тақырып ашық бейнелеп, қорғалды.

- Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» БЖҚ ұйымы бағдарламасының «Салауат» бағыты бойынша деңіннің аурудан аман, қайратты, жігерлі, көңілдің көтеріңкі болуының өзі-денсаулықтың белгісі. Дене мүшелерінің, ішкі ағзалардың бірі ауырса, адамның денсаулығы нашарлап, көңіл күйі түседі, еш нәрсеге зауқы болмайды. Осындай жағдайларды мектеп тәлімгері мен мед.бике оқушыларға түсіндіріп өтті. Дене шынықтыру пәні мұғалімі оқушылармен дене жаттығуларын жасады. Оқушыларды таза жүру, дұрыс тамақтану, таза ауада көп жүру, көтеріңкі көңіл күйде жүру керек екенін айтып, туындаған сұрақтарға жауап берілді.

- Дәстүрлі діндердің құндылықтары мен қасиетін түсіндіру және діни сенімдерді насихаттау, теріс пиғылды діни ағымдар бойынша діни терроризм мен

эктремизмнің алдын алу мақсатында «Жат ағымға жол жоқ» тақырыбында 8- сыныптың жас ұландықтар арасында пікірталас өткізілді.

- Үлкенді сыйла, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қарттардың өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдардың біз үшін орны бөлек екені түсіндіру мақсатында Қарттар күніне «Ардагерлерді ардақтайық!» Челленджі ұйымдастырылып, «Ерікті жас қыран» тобы ардагерлерге қолғабыс көрсетті.

- Мектептің тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары және аға тәлімгері оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу және 25 қазан-Республика күніне орай "Жаса Қазақстан" тақырыбында флешмоб өткізді. Флешмобқа мектептің 7-8-9-10-11 сыныптың қыздары қатысты. Қайрат Нұртастың «Жаса Қазақстан» әніне Қазақстан Республикасының туымен биледі.

- Республикалық бірыңғай "Жас ұлан" балалар және жасөспірімдер ұйымы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Бұл ұйым қоғамдық ұйым болып табылады. **"Жас ұлан"** - өскелең ұрпақты жоғары рухани- адамгершілік құндылықтар,гуманистік,демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым. 25 қазан – Республика күніне орай, 9-сынып оқушыларымен бірлесе Қазақстан Республикасының халқына құттықтау тілегін білдіріп видео челлендж түсірді.

- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай, оқушылардың өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру, елін, Отанын сүюге, оны гүлдендіруге құштар патриот тәрбиелеу мақсатында «Желтоқсан ызғары» тақырыбында кеш ұйымдастырылды.

– **Психологиялық жұмыстар**

– №40 С.Мұқанов атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырылған психологиялық қызметтің басты мақсаты – дамудың және оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағдайын ғылыми психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың денсаулығын сақтауға арналған психологиялық жағдайларды қамтамасыз ете алатын, тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің осы күнгі психологиялық-педагогикалық теориялары негізінде осы процесті ұйымдастыру мен құру және жүргізу. Мақсатты іске асыру барысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №96 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021жылдың 16 қыркүйегінде бекіткен №472 бұйрығы негізінде мектеп гимназияда ұйымдастырылған психологиялық қызмет жоспар жасалынып, лауазымдық міндеттер мен істер номенклатурасы бекітілді. Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет Білім және ғылым министрі бекіткен бес бағытты қамтыды:

–
– Психодиагностикалық бағыттар;
– Консультациялық бағыттар;
– Ағартушылық-профилактикалық бағыттар;
– Түзету дамытушылық бағыттар;
– Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар.
– Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет бойынша 1-11 сынып оқушылары толықтай қамтылып,жүргізілген бағытқа және қажеттілігіне қарай топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылады. Барлық психологиялық жұмыстар баланың жас

ерекшелігіне қарай жүргізіліп, хаттама жазылып, жұмыстарды есепке алу журналына тіркеледі. Психолог жұмысының негізгісі аутодеструктивті іс әрекетті жұмыстарды алдын алу бойынша топтық жұмыстар; Ағаш, Кактус, Қолтырауын әдістемелері, Аяқталмаған сөйлемдер әдістемесі, Зунгтің «Депрессияны анықтау шкаласы», Айзенгтің «Тұлғаның жеке ерекшеліктері» тесті, Мазасыздану және депрессияны анықтау шкала тесті, түрлі бағыттағы құқық бұзушылықта анықтау сауалнамасы, жеке оқушылармен «Жаңбыр астындағы адам», «Түрлі түстер», «Отбасы портреті», «Табиғатта кездеспейтін жануар бейнесі» сонымен қатар түскен сұраныс мақсатына қарай түрлі тесттер жеке алынады. Оқу процесіне қатысты баланың танымдық деңгейін анықтау және дамыту, интеллектуалды ақыл ойы мен білім білік дағдыларына «Дарынды және қабілетті оқушыларды» анықтауға диагностика жүргізіліп, нәтижесі бойынша педагогтар мен жетекшілерге әдістемелік көмектер ұсынылады. Оқушылардың ортаға бейімделуіне қатысты психологиялық жаттығулар, тренингтер жүргізіліп, ата аналарына кеңестер ұсынылады. Мамандық таңдау бойынша Климовтың «ДДЧ», Голбенің «Қызығушылық картасы» және тренингтер: «Мамандықтар әлеміне саяхат», «Мен таңдаған мамандық», «Арман және кәсіптің көп түрлігіне байланысты психологиялық танымдық сабақтар ұйымдастырылады. БітірушілерменҰБТ-ға психологиялық дайындық жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Оқу жылының басынан «есте сақтау заңдылықтары», «ҰБТ- ға қалай жақсы дайындалуға болады?», «Ата аналарға кеңес», «Стресті болдырмау жолдары», «Алынбайтын асу жоқ» жүргізіледі. Мектепте «сенім телефоны мен сенім жәшігі» бар, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Сонымен қатар жас маман иелері мен педагогтарғада және ата аналарға психологиялық көмек пен қолдау жұмыстары, ұйымдастырылады. Алдын алу профилактикалық жұмыстар бойынша: Кибербуллинг, Буллинг, интердеттің зияны мен пайдасы, ерте жүктілік пен зорлық зомбылық алдын алу жолдары, аутодеструктивті іс әрекетті , құқық бұзушылықта болдырмау тақырыбында бейнесабақтар, презинтациялар, кеңестер, бағыт бағдарлар жіберілді. Жасалынған психологиялық бағыт нәтижесі бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі.

– 1-11 сыныптар бойынша жасалынған психологиялық жұмыстарды
– ЕСЕПКЕ АЛУ бойынша салыстырмалы көрсеткіш
–

№	Жылдар	Топтық жұмыстар	Жеке жұмыстар		
			Жеке түзету дамыту	Кеңес беру	Сұраныс бойынша
1	2020-2021 оқу жылы	15	17	35	30
2	2021-2022 оқу жылы	16	18	38	36
3	2022-2023 оқу жылы	15	9	28	35

–

- **Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері)**
- Бейінді оқыту – бұл оқушылардың қызығушылықтары, бейімдіктері және қабілеттері есепке ала отырып, оқушылардың кәсіптік таңдауларына сәйкес олардың дамуына жағдай жасалатын, оқу қызметін ұйымдастыру түрі. Сондықтан мектептерге бейіндік және элективтік, таңдау курстары бойынша енгізілді.Бейіндік пәндердің білім мазмұны оқушылардың мүдделерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін есепке ала отырып тиімді педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталды. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы бейіндік пәндер және олардың мазмұны: оқушы тұлғасының интелектуалдық әлеуетін дамыту мақсатында физика-математикалық және химия-биологиялық білім беруді; бағдар бойынша базалық пәндерді тереңдетіп оқытуды; қоршаған әлемді түрлендірудегі математиканың, информатиканың, физиканың, биологияның және химияның рөлі туралы түсініктерін қалыптастыруды; оқушылардың логикалық, математикалық, ғылыми-жаратылыстану, инженерлік ойлауын қалыптастыруды, әртүрлі өмірлік жағдайларға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті оқушылардың аналитикалық, практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіруді; оқытуды бейіндендіруге жағдай жасауды және оқушыларды одан әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға даярлауды қамтамасыз етеді.Осы орайда, 2022-2023 оқу жылында мектепте бейінді оқытуды жүзеге асыру мақсатында бірінші педагогикалық кеңесте 01.09.2022 жылы №143 бұйрық шығарылды.Осы бұйрықтың негізінде бейіндік оқытуды жүзеге асыруда үлгілік оқу жоспарындағы таңдау және элективті курс сағаттары талапқа сай жүргізілуде. 10-11 сыныптар жаратылыстану –математика бағытында оқытылады. Пән мұғалімдері академиялық сайтында орналастырылған ресурстар мен авторлық әзірлемелерге сүйене отырып авторлық бағдарламалар әзірлеген.
- **Бейімді-бағдарлы оқытудың мақсаты:** оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ету.
- Биылғы оқу жылы жаратылыстану – математика бағыты, бағдары биология - география бойынша оқытылды. Жыл басынан 10 сыныпқа қабылдаудың белгіленген ережелеріне сәйкес 9 сыныпта оқушыларының бейіндік бағытын анықтау мақсатында мектеп психологы Б.Кубейова психологиялық зерттеулер сауалнамалар алып оқушылармен жұмыстар жүргізіп, оқушыларымен мамандық таңдау тақырыбында сауалнамалар алынды. Оқушы сұранысына сәкес өтініштер жазылды. Сонымен қатар ата-аналар мен бағдарлы оқытуға түсініктер беріп, мамандық таңдаудағы сауалнамалар алынды. Осы мақсатта 9 сынып оқушыларының ой өрісі мен кәсіби бағыттау деңгейін анықтауға диагностика жасалды: нәтижесі бойынша жаратылыстану - математика бағытын оқушыларымыздың 92% таңдағаны анықталған болатын.Зерттеу қорытындысына сәйкес оқушыларды бейіндеп оқыту үшін 10-11 сыныптарына вариативті бөлімінің мектеп комонентінен 1 сағат қолданбалы курстың оқытылуына берілді
- Мектебіміз жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын болғандықтан 6 сыныпта биология, 7 сыныпта физика, 8 сыныпта химия пәндерінен бейіналды жұмыстар жүргізіледі.5-9 сыныптарға жаратылыстану бағытындағы пәндерден сабақ беретін пән мұғалімдерінің тақырыптық күнтізбе жоспарлары білім стандартына сай жасалған.
- Сонымен қатар бағдарлы оқытуды ұйымдастыру жұмыстары: оқушы, ата-ана, психолог, сынып жетекшісі мен курс жетекшісінің бірлескен жұмыстары арқылы да іске асырылып отырады.
- 1-11 сынып аралығында бағдаралды және бағдарлы оқыту төмендегідей педагогикалық — психологиялық саты ретінде түзіледі.

- Бағдарлы және бағдаралды сыныптарда білім сапасын арттыру құрылымы бастауыш саты 1 — 4 сыныптарда баланың оқуға деген ерекше қабілеті мен құлшынысын дамыту арқылы іске асырылады.
- 1 — сынып — оқушылардың психологиялық іс – әрекетін қалыптастыру арқылы қай пәнге бейім екенін анықтау;
- 2 — сынып — пәнге байланысты саралау;
- 3 — сынып — пәнге деген қызығушылық белсенділігін арттыру;
- 4- сынып — логикалық әрекетін жетілдіру арқылы оқушының алға қойған мақсатын анықтау.
- Негізгі саты 5 — 9 сыныптарда жеке тұлғаның жан – жақты білім алуын қалыптастырып, өзін – өзі айқындау қабілетін жетілдіру арқылы іске асырылады.
- 5– сынып — оқушылардың пәнге деген қызығушылығы бойынша саралау және даралап оқыту.
- 6– сынып — бағдаралды оқытуға бейімделу мақсатында әдістемелік көмек беру.
- 7– сынып — нақты бағыт алуға жетелеу, сенімділік қабілетін қалыптастыру.
- 8-сынып — болашақ мамандығына сай таңдап отырған пәнін тереңдетіп оқыту.
- 9- сынып — оқушы таңдап отырған нақты пәндер негізінде бағдаралды білім, білік қалыптастыру.
- Бағдарлы саты 10-11 сыныптарда қоғамдық өмірге төселген, жоғары мәдениетті, саналы таңдаумен бағдарлы білімді игерген жеке тұлғаны қалыптастыру.
- 10 – сынып — мамандыққа сай шығармашылық ізденіс қабілетін дамыту жұмыстарын жүйелеу.
- 11 — сынып — алған бейімдерін өз деңгейінде көрсету.
- Мектептің барлық оқу жоспары, оқу жоспарының вариативті бөліміндегі таңдау сабақтар оқушылардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін, бейімділіктерін ескере отырып, бейіндік оқытуға негізделген. Бағыттарына сәйкес тереңдетіліп оқытылатын пәндердің бағдарламаларын мектептің тәжірибелі ұстаздары құрастырған.
- 9 – сынып оқушыларына жыл бойы болашақтағы мамандықтарын дұрыс таңдауларына байланысты жоғары сынып оқушыларының қатысуымен жаратылыстану – математикалық бағытта кештер, оқу орындарының мамандарымен кездесулер, арнайы сауалнамалар алынып, кәсіби бағдар беру жұмыстары кең түрде жүргізіліп отырады. 10 – сыныпта сол таңдаған бағыттары бойынша пәндері тереңдетіліп оқытылып, бағдарлы білім алады.
- Оқушыладың қызығушылықтары мен бейімділіктері ескеріліп, бағыттар бойынша таңдау курстары жүргізіледі.
- Бағдарлы оқытуды тиімді ұйымдастыру, баланың бейімін анықтау бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан бағдарлы оқытуды ұйымдастыруды бастауыш сатыдан – ақ бастау өз нәтижесін бермек. 1 — 9 сыныптарда бейіналды даярлық жұмыстарын типтік оқу жоспарының вариативті бөлімінен ұйымдастыруға болады.
- Жоғарыда көрсетілген бейіналды жұмыстарына арналған сағаттарды қазіргі қолданыстағы типтік оқу жоспарының мектептік және оқушы компонентіндегі сағаттарды жүйелі пайдаланып, оқушыға екі бағытта да мағлұмат бере отырып, мектептің жоғары сатысына өту кезінде өз бейімін адаспай таңдай алатындай дәрежеге жеткізуіміз үшін қолдануымызға болады.
- Бұл өз тәжірибемізде іске асырылып жатқан бейіналды даярлық жұмыстарының бір көрінісі.Бейіналды даярлық жұмыстарын екі кезеңде ұйымдастыруға болады.
- I кезең: Жасөспірімдерді мамандықтар әлемімен және әр мамандықтың адамға қояр талаптарымен таныстыру.
- II кезең: Бейіндік бағдарды анықтау, мұндағы басты мақсат түрлі қызмет саласындағы

тұлғаның қызығушылығы мен қажеттілігін, бейімін анықтау.

- Бағдарлы білім беруде ұстаз тұлғасының рөлі ерекше.Тәжірибелі ұстаздарымыз оқушыларға жүйеленіп, өңделген материалды дайын күйінде ұсынбайды, баланы өз бетімен ізденуге, өзіне қажет білімді іздестіруге керекті қасиеттермен қаруландырып отырады.

–Ұстаздарымыздың негізгі жұмыстарының бірі дарынды оқушыларды анықтап, олардың белгілі бір пән бойынша қабілеттілігін дәл тауып, бағыт-бағдар беріп, жұмыстарын белгілі бір ғылыми жолға қою болып табылады. Осы ұстаздарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында оқушыларымыз бейімделген пәндерден аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалардың, ғылыми конференциялардың жүлдегерлері болуда.

С.Мұқанов атындағы жалпы орта мектебінің Үлгілік оқу жоспары 2020-2021 оқу жылы

11$^{А-Ә}$-сыныптар үшін

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жалпы жүктеме			
		11 жар	11 гум	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	3	3	6	204
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі	2	1	3	102
4	Орыс әдебиеті	2	1	3	102
5	Шетел тілі	4	2	6	204
6	Алгебра	3	3	6	204
7	Геометрия	2	1	3	102
8	Информатика	1	1	2	68
9	Физика	1	3	4	136
10	Биология	1	2	3	102
11	География	1	2	3	102
12	Химия	1	2	3	102
13	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
14	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
15	Адам.Қоғам.Құқық	1	1	2	68
16	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
17	Технология	1	1	2	68
18	Дене шынықтыру	3	3	6	204
Инвариантық оқу жүктемесі		**32**	**32**	**64**	**2176**
Мектеп компоненті					
Қолданбалы курстар		**6**	**6**	**12**	**408**
1	ҰБТ-ға дайындық таңдау	1	1	2	68
2	Абайтану	1	1	2	102
3	Шешендік өнер	1	1	2	68
4	Генетика және селекция негіздері	1	1	2	34
5	«Русский ызык: готовимся к ЕНТ»	1	1	2	34
6	Қазақстан тарихына шолу	1	1	2	34

Оқушы компоненті					
Таңдау курстар		**1**	**1**	**2**	**64**
1	Арифметикалық есептер	1	1	2	68
		39	**39**	**78**	**2652**

08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына қосымша 25.07.2013 жылғы №296

С.Мұқанов атындағы жалпы орта мектебінің
Үлгілік оқу жоспары 2020-2021 оқу жылы

10 сынып жартылыстану-математикалық бағыт бойынша
үлгілік оқу жоспары
08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына қосымша
04.09.2018№441,15.05.2019 №205

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жалпы жүктеме		
		10 жар	апталық	жылдық
Инварианттық компонент				
1	Алгебра	4	4	136
2	Геометрия	2	2	68
3	Информатика	2	2	68
4	Қазақ тілі	1	1	34
5	Қазақ әдебиеті	2	2	68
6	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	68
7	Шетел тілі (ағылшын)	3	3	102
8	Қазақстан тарихы	2	2	68
9	Өзін-өзі тану	1	1	34
10	Дене шынықтыру	3	3	102
11	Алғашқы әскери дайындық	1	1	34
Таңдау бойынша пәндер		**23**	**23**	**782**
Тереңдетілген деңгей		**4-сағаттан 2 пән**		
1	Химия	4	4	136
2	Биология	4	4	136
		8	**8**	**272**
Стандартты деңгей		**2-сағаттан 1 пән**		
1	Графика және жобалау	2	2	64
		2	**2**	**64**
Жеке және топтық жұмыстар				
1	Физика	1	1	34
2	География	1	1	34
3	Дүниежүзі тарихы	1	1	34
4	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	1	1	34
5	Құқық негіздері	1	1	34
6	АӘД	1	1	34
		6	**6**	**204**
		39	**39**	**1326**

С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебінің
Үлгілік оқу жоспары 2021-2022 оқу жылы

10 -11сынып жартылыстану-математикалық бағыт бойынша
үлгілік оқу жоспары
08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына 6- қосымша
20.08.2021 №415 31-қосымша

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жалпы жүктеме			
		10 жар	11 жар	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі (ағылшын)	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	4	136
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	**Қазақстан тарихы**	**2**	**2**	**4**	**136**
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
14	**Құқық негіздері**	**1**	**1**	**2**	**68**
15	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
16	Дене шынықтыру	3	3	6	204
17	АӘД	**1**	**1**	**2**	**68**
Инварианттық оқу жүктемесі		**33**	**33**	**66**	**2244**
Вариативтік компонет					
Жахандық құзіреттілік (Кәсіпкерлік және бизнес негіздері)		**1**	**1**	**2**	**68**
Элективті курстар		**3**	**3**	**6**	
1	АӘД	1		1	34
2	Абайтану	1	1	2	68
3	Лексика	1	1	2	68
4	Тарих		1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		4	4	8	272
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		**37**	**37**	**74**	**2516**

С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебінің
Үлгілік оқу жоспары 2021-2022 оқу жылы

10 сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша үлгілік оқу жоспары
08.11.2012 жылғы №500 қосымша 04.09.2018№441,
20.08.2021 №415 30-қосымша

№	Білім салалары және оқу пәндері	Жалпы жүктеме			
		10 гум	11 гум	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	2	2	4	136
2	Қазақ әдебиеті	3	3	6	204
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Ағылшын тілі	3	3	6	204
5	Алгебра	3	3	6	204
6	Геометрия	1	1	2	68
7	Информатика	1	1	2	68
8	Физика	1	1	2	68
9	Химия	1	1	2	68
10	Биология	1	1	2	68
11	География	1	1	2	68
12	**Қазақстан тарихы**	**2**	**2**	**4**	**136**
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	4	136
14	**Құқық негіздері**	**1**	**1**	**2**	**68**
15	Өзін-өзі тану	1	1	2	68
16	Денеишынықтыру	3	3	6	204
17	АӘД	**1**	**1**	**2**	**68**
Инварианттық оқу жүктемесі		**29**	**29**	**58**	**1972**
Вариативтік компанент					
1	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	1	1	2	68
	Элективті курс	7	7	14	476
1	Күрделілігі жоғары химия есептерін шығару Химия		1	1	34
2	Абайтану	1	1	2	68
3	Лексика	1	1	2	68
4	графика	1	1	2	68
5	Генетика және селекция негіздері		**1**	**1**	**34**
6	«Математикалық сауаттық –заман талабы»	**1**	**1**	**2**	**68**
7	Алаш қозғалысы және ұлттық мүдде	**1**	**1**	**1**	**34**
8	Дене шынықтыру	**1**		**1**	**34**
9	АӘД	**1**		**1**	**34**
Вариативтік оқу жүктемесі		**8**	**8**	**16**	**544**
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		**37**	**37**	**74**	**2516**

С.Мұқанов атындағы №40 жалпы орта мектебінің
Үлгілік оқу жоспары 2022-2023 оқу жылы

10 -11сынып жартылыстану-математикалық бағыт бойынша
үлгілік оқу жоспары

08.11.2012 жылғы №500 бұйрығына 6- қосымша
30.09.2022 №412 39-қосымша

№	**Білім салалары және оқу пәндері**	**Жалпы жүктеме**			
		10 жар	11 жар	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	70
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	140
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	140
4	Шетел тілі (ағылшын)	3	3	6	210
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	4	140
6	Геометрия	2	2	4	140
7	Информатика	2	2	4	140
8	Физика	2	2	4	140
9	Химия	2	2	4	140
10	Биология	2	2	4	140
11	География	2	2	4	140
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	140
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	70
14	Құқық негіздері	1	1	2	70
15	Дене шынықтыру	3	3	6	210
16	АӘД	1	1	2	70
